

ГТАХР 06.01.11
ӘОЖ 331.103.

Р.К. САБИРОВА,¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

А.А. МУФТИГАЛИЕВА,²

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

Т.К. КУАНГАЛИЕВА,¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Ж.К. БИСЕМБИЕВА,¹

магистр.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті.¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті²

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КӨШІ-ҚОНЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ¹

Андатпа

Мақалада цифрлық экономика жағдайындағы Қазақстан көші-қонының заманауи жағдайы қарастырылып, ауыл мен қала көші-қонының айырмашылығын талқылайды. Еңбек нарығын дамыту проблемалары көтеріліп, көші-қон мәселесін шешудің негізгі бағыттары ұсынылған. Цифрлық экономика дегеніміз – экономика салаларында цифрлық компьютерлік технологияларды енгізуге және пайдалануға, экономикадағы процестерді автоматтандыруға негізделген цифрлық ақпарат пен онлайн-сауда алмасу арқылы тауарлардың айналымына және қызмет көрсету саласының дамуына ықпал ететін жүйе. Цифрлық экономика компьютерлік технологиялар, ұялы байланыс және интернетке негізделген. Барлық процестер үлкен деректерді өңдеумен байланысты. Цифрлық технология, әдістер және цифрлық ақпарат экономиканың, өндірістің негізгі компоненттері болып табылады. Цифрлық экономика – бұл цифрлық ресурстарға, экономикалық қатынастардың жаңа түріне негізделген экономика түрі. Мақалада цифрлық экономиканы дамыту және бәсекелік басымдықты қамтамасыз ету мақсатында жоғары білікті кадрлардың ұтқырлығы мен еңбек нарығын трансформациялауға, халықтың көші-қонын талдауға ерекше назар аудару қажеттілігі негізделді. Қазақстан тұрғындарының демографиялық жағынан қарастырғанда Қазақстан Республикасының солтүстік және орталық өңірлеріндегі көші-қонға көп көңіл бөлінеді. Қазақстаннан басқа елдерге уақытша еңбек етуге кеткен еңбек көші-қонушылардың негізгі бөлігін солтүстік өңірлердің тұрғындары құрайды.

Тірек сөздер: цифрлық экономика, ішкі көші-қон, сыртқы көші-қон, еңбек нарығы, бәсекелік басымдық, демографиялық құрылым, тұрғындар.

Қазіргі заманғы экономикада экономикалық сенімділік немесе қоғамдық пікір туралы сауалнамалар деректері күнделікті негізде жиналса, ал халықтың көші-қонына қатысты ақпарат санақ, халық тіркелімдерінен және кейде арнайы зерттеулерден алынады [1]. Мәселе мынада, ақпараттың жетіспеушілігі саясатты қалыптастыратын адамдарға көші-қон ағындарын басқарудың уақытылы және дәйекті стратегиясын жасауға мүмкіндік бермейді, сондықтан бүгінгі таңда цифрлық технологияның еңбек нарығы мен көші-қон ақпараттарын сараптаудағы алатын рөлі ерекше артуда.

Цифрлық экономиканы дамыту және бәсекелік басымдықты қамтамасыз ету мақсатында жоғары білікті кадрлардың ұтқырлығы мен еңбек нарығын трансформациялауға, халықтың көші-қонын талдауға ерекше назар аударуды қажет етеді.

Ресми статистикада цифрлық технологияны қолдану едәуір дәрежеде статистикалық мәліметтерді айырбастаудың халықаралық стандартын (SDMX – Statistical Data and Metadata Exchange) енгізумен байланысты [2].

Қазақстан Үкіметі мен мемлекеттік органдары қоғамды ақпараттандырудың және ұзақ-мерзімді экономикалық өсуді анықтаудың маңыздылығын түсінгендіктен мемлекеттік саясат-

¹ Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын жоба бойынша орындалды (Жоба № AP08956950).

тың шешуші бағыттарының бірі ретінде цифрлық экономиканы дамытуға белсенді қатысуда. Жоғарыда айтылғандарды ескере келе цифрлық технологияны дамытуға мемлекеттің назар аударуы ұлттық экономиканы әртараптандыру жолдарының бірі ретінде, оның шикізаттық бағыттан индустриалды-сервистік модельге қайта бағытталуы және еңбек нарығы үшін жаңа мүмкіндіктерді қолдану ретінде қарастырылады. Осы мақсатта елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама бес бағыттан тұрады.

1. «Экономика салаларын цифрландыру» – еңбек өнімділігін жоғарылатып, капиталдан-дыруды өсіруге әкелетін алдыңғы қатарлы технологиялар мен мүмкіндіктерді қолданумен Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

2. «Цифрлы мемлекетке көшу» – халыққа пен бизнес қажеттіліктерін алдын ала біліп, оларға қызмет көрсететін инфрақұрылым ретіндегі мемлекеттің атқаратын қызметтерін түрлендіру бағыты.

3. «Цифрлық Жібек жолын жүзеге асыру» – жоғары жылдамдықты және қорғалған ақпараттарды беру, сақтау және өңдеу инфрақұрылымын дамыту бағыты.

4. «Адами капиталды дамыту» – креативті қоғам деп аталатын жаңа шындыққа өтуді қамтамасыз ететін білім экономикасын құратын түрлендіру бағыты.

5. «Инновациялық экожүйені құру» – технологиялық кәсіпкерлік және бизнес, ғылыми орта және мемлекет арасындағы тұрақты көлденең байланысы бар инновацияларды дамыту үшін жағдайлар жасау бағыты [3].

Цифрлық экономиканың еңбек нарығын трансформациялау мен көші-қон үрдістеріне әсерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше, технологиялық прогресс «ескі» мамандықтардың жойылуына әкеледі, ол сонымен қатар түп тамырымен жаңа мамандықтардың пайда болуы мен жаңа жұмыс орындарының құрылуы және соның арқасында оң әсердің жоғары болуын айтады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың қызметін цифрландырудың ерекше рөлі аталып өтті: мемлекеттік органдардағы үрдістерді цифрландыру, олардың халықпен және бизнеспен өзара іс-қимылын қоса алғанда, маңызды болып табылады [4].

Қазақстан технологиялық серіктестік орнату, мәлімет орталықтарын құру және орналас-тыру, мәліметтер транзитін дамыту сияқты бағыттар ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында да басты басымдық ретінде қарастырылды.

Цифрлық экономиканы дамыту және бәсекелік басымдықты қамтамасыз ету мақсатында жоғары білікті кадрлардың ұтқырлығы мен еңбек нарығын трансформациялауды, еңбек көші-қонын талдауға ерекше назар аударуды қажет етеді.

Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру шеңберінде электронды еңбек биржасы жұмыс жасайды. 2018 жылы оның көмегімен 533 мың ізденуші жұмысқа орналасқан, оның 409 мың адам тұрақты жұмыс орнына орналасқан.

2018 жылда 3 көші-қон, 8 мамандандырылған, 16 цифрлық халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылған. 2019 жылы мемлекеттік қызмет көрсетудің 80%-ы электрондық форматқа ауыстырылды, қосымша бір цифрлық және 5 көші-қон ХҚО ашылды [5].

2018 жылы Қазақстанда электронды еңбек биржасы іске қосылды, ол республика аумағында жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай онлайн-алаң болды. Электронды еңбек биржасы жұмыс іздеп жүргендер мен жұмыс берушілердегі бос жұмыс орны туралы ақпарат жинақталады және бір жерде жұмыскерлер мен қолайлы жұмыс орындарының шоғырлануы үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасында халықтың шетелге көшуін және ел ішінде де орын ауыстыруын ынталандыратын миграциялық үрдістер түрлі факторлардың әсерінен қалыптасады.

Бірінші Президент Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы inbusiness.kz порталына берген сұхбатында 2012 жылдан бастап жаңа көші-қон тренді басталғанын айтқан болатын. Ол түрлі көрсеткіштермен сипатталатын үш кезеңді атап айтты:

- ◆ 1991–2003 жылдардағы бірден тез өсу мен біртіндеп эмиграцияның төмендеуі;
- ◆ 2004–2011 жылдардағы тұрақтану мен көлемін азайту;
- ◆ 2012–2018 өсу.

Осы айтылған жағдайды төмендегі кестелерге мәліметтерден көруге болды. 1-кестеден Қазақстанда ішкі көші-қонның алты жыл ішіндегі өскенін көруге болады, 2019 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасы халқының ішкі көші-қоны

Жылдар	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.*	2019 ж. 2014 ж. салыстырғанда
Келгендер саны							
Қазақстан Республикасы	422 400	472 032	630 649	943 757	900 931	1 013 445	2 есе
Кеткендер саны							
Қазақстан Республикасы	434 562	485 498	651 794	965 887	930 052	1 013 445	2 есе
Ескертпе – Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. Статистикалық жинақ, қазақ және орыс тілдерінде: www.stat.gov.kz ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша. *2019 жылғы қараша айындағы мәлімет.							

2019 жылғы қаңтар–қарашада Қазақстандағы ішкі көші-қон ағыны 1,0 млн адамға жетті – 2018 жылғы қаңтар–қарашамен (888,4 мың адам) салыстырғанда 12,5%-ға артық.

2019 жылы мамандардың зерттеуі бойынша сұрау жүргізілген адамдардың 12,7%-ы елден кетуге мүдделі. Олардың 5,3%-ы алыс шет елдеріне кеткісі келеді.

Жалпы алғанда қазақстандықтардың көбісі Ресейге кетуде. Оның басты себебі қол жетімді және сапалы жоғары білім алу үшін. Кейде жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу кепілінің болуы да басты себеп ретінде көрсетіледі.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасы халқының сыртқы көші-қоны, адам

Облыстық орталықтар	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.*	2019 ж. 2014 ж. салыстырғанда, %
Келгендер саны							
Қазақстан Республикасы	16 784	16 581	13 755	15 595	12 747	10 949	65,2
Ақмола	969	1519	976	644	778	343	35,4
Ақтөбе	340	116	120	60	99	46	13,5
Алматы	1361	2692	3245	4756	1811	1953	143,5
Атырау	515	389	384	314	280	229	44,5
Батыс Қазақстан	236	258	244	294	351	144	61,0
Жамбыл	1100	677	406	565	492	196	17,8
Қарағанды	943	787	607	657	409	349	37,0
Қостанай	1613	971	664	878	1236	927	57,5
Қызылорда	53	14	14	28	37	29	54,7
Маңғыстау	2809	3314	1760	1561	1617	2337	83,2
Павлодар	595	429	445	494	417	259	43,5
Солтүстік Қазақстан	720	887	743	794	680	612	85,0
Түркістан*	2167	1478	1224	449	667	303	14,0
Шығыс Қазақстан	560	708	618	811	687	559	99,8
Нұр-Сұлтан қаласы	987	635	522	513	679	681	69,0
Алматы қаласы	1816	1707	1783	1731	1449	1170	64,4
Шымкент қаласы	–	–	–	1046	8105	812	–
Ескертпе – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша. *2019 қаңтар–қараша айындағы мәліметтер.							

Республика ішінде кеткендер санының көпшілігі Қарағандыдан (13,5%), Қостанайдан (14,5%), Шығыс Қазақстаннан (15,0%), және Павлодар (10,9%), облыстарынан болған (кесте 3).

Еңбек нарығына қатысты қарастырсақ, білікті кадрлардың кетуі техникалық мамандықтар (2017–2018 жж. – 9,8 мың адам), экономикалық (2017–2018 жж. – 5,3 мың адам) және педагогикалық (2017–2018 жж. – 3,3 мың адам). Ал Қазақстанға біліктілігі төмен және ауыл және үй еңбегіне бағытталған иммигранттар келеді.

Қазақстаннан көшіп кеткендер, ең алдымен Ресейге, Белоруссия, Германия және Украина еліне қоныс аударған. Республика тұрғындарының демографиялық құрылымындағы еуропалық бөлігінің көші-қоны еліміздің солтүстік және орталық өңірлерінде басқа өңірлермен салыстырғанда басымырақ. Жұмыс іздеген еңбек мигранттары Қазақстанның солтүстік аймағынан көбірек көшеді.

Кесте 3 – Қазақстан халқы бойынша сыртқы көші-қон саны, адам

Облыстық орталықтар	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.*	2019 ж. 2014 ж. салыстырғанда, %
Кеткендер саны							
Қазақстан Республикасы	28 946	30 047	34 900	37 725	41 868	41 819	144,5
Ақмола	2466	2569	2569	2875	2926	2996	121,5
Ақтөбе	531	722	833	1131	1360	1788	336,7
Алматы	942	859	1035	1003	1269	1283	136,2
Атырау	145	170	146	129	244	320	220,7
Батыс Қазақстан	801	989	770	1080	1557	1630	203,5
Жамбыл	1242	1111	1032	1044	941	1045	84,1
Қарағанды	4346	4661	6090	6228	5664	5334	122,7
Қостанай	3873	3359	4356	5047	6056	5316	137,3
Қызылорда	34	59	65	55	72	71	208,8
Маңғыстау	718	523	379	474	503	422	58,8
Павлодар	2965	3395	4419	4382	4590	5184	174,8
Солтүстік-Қазақстан	3391	2986	3276	3445	3890	4015	118,4
Түркістан*	785	885	723	162	331	313	39,9
Шығыс Қазақстан	3682	4219	4330	5117	6269	6675	181,3
Нұр-Сұлтан қаласы	612	660	1158	1439	1955	1720	281,0
Алматы қаласы	2413	2880	3719	3535	3545	3347	138,7
Шымкент қаласы	–	–	–	579	696	360	–
Ескертпе – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша. *2019 жылғы қаңтар-қараша аралығындағы мәліметтер.							

Ресми сыртқы көші-қон айырымы Қазақстан бойынша 2019 жылы – 32 970 адам болды, ал заңсыз еңбек мигранттарының көші қоны 800 мың адамнан жоғары. Қазақстанның барлық өңірлері сыртқы мигранттарды алады, алайда Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары бірінші кезекте, содан кейін Түркістан, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарының орталық қалалары сыртқы мигранттарды қызықтырады, осы облыстарға көшіп келушілер саны жоғары.

Сыртқы көші қоны бойынша кеткендер санына тоқталсақ, көбіне басқа елдерге қала тұрғындары көшіп кеткен. Олардың үлесі 86%-ды құрайды. Сыртқы көші қонның басты себептерін атап кетсек, бұл ең алдымен еңбек көші қоны, яғни басқа елде еңбек етуге көшіп кеткен. Одан басқа тарихи отанына қайту, өзін-өзі дамыту мақсатында, материалдық жағдайын жақсарту, тіл мәселесі мен ұлтаралық мәселелер.

Қазақстанда ішкі көші-қон бойынша ауылдық елді мекендерде келгендерге қарағанда ауылдық жерден кеткендер санының көптігін көруге болады. Ішкі көші-қонның негізгі себептері:

- ♦ бұрын тұрған жерлерінде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсы еместігі;

- ♦ қалалардан алшақтық;
- ♦ жұмыстың жоқтығы мен дамыған инфрақұрылымның болмауы.

2014 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде әйел жынысты эмигранттардың саны ұдайы өсуде, бұл көрсеткіш ерлерге қарағанда әлдеқайда жоғары. 2014 жылы Қазақстаннан шетелге 13 151 ер және 15 795 әйел кетті. 2018 жылы екі топта кеткен азаматтар санының өсуі байқалады, 19 045 ерлер мен 22 823 әйел кеткен, ал 2014 жылмен салыстырғанда 2018 жылы эмигранттар санының өскенін және эмигранттар-әйелдер санының өткен уақыт кезеңімен салыстырғанда өсуін көрсетеді.

Қазақстанның басқа өңірлеріне көшуге ниет білдірген сұралғандардың ішінде басым саны Республикалық маңызы бар қаланың реципиенттері ретінде – Алматы (38,1%) мен Нұр-Сұлтан қалаларын (42,4%) таңдайды. Үшінші өңір – бұл мәселеде Шығыс Қазақстан облысы 7,1% көрсеткішімен көшбасшы болып табылады. Сондай-ақ жүргізілген зерттеулер көші-қон үшін оңтайлы жас білім деңгейіне тікелей тәуелді екенін растайды: әлеуетті көшіп-қонушының білімі жақсырақ болса, көші-қон жасы да төмен.

Респонденттер қай елге көшіп келгісі келетіні туралы сұраққа жауап бере отырып, мұнда Ресей Федерациясы (28,8%) көшбасшы орынға ие болды. Сұралғандардың 23,4% Америка Құрама Штаттарына өмір сүретін еді. Жетекші үштікті 11,7% мәні бар еуропалық елдер тұйықтайды. Аталған елдерден басқа, сондай-ақ респонденттердің жауаптарында Қытай (5,9%), Түркия (4,6%) және Оңтүстік Корея (3,1%) сияқты мемлекеттер кездесті, бұл жастар арасында сұранысқа ие көші-қонның жаңа векторларының пайда болуын білдіреді [6].

2019 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығында Қазақстанға келген және кеткен халықтың ұлттық санына тоқталсақ, елге келушілердің ең көп саны – қазақтар (7 мың); бұдан басқа 2,65 мың орыс және 301 қарақалпақ келді. 32,8 мың орыс, 3,2 мың неміс және 3 мың украин шықты (кесте 4).

Кесте 4 – Қазақстанға келген және кеткен халықтың ұлттық саны, 2019 жылдың қаңтар–желтоқсанындағы (адам)

Келгендер					Кеткендер				
Ұлттар	2019 ж.	2018 ж.	ауытқу		Ұлттар	2019 ж.	2018 ж.	ауытқу	
			%	+,-				%	+,-
Барлығы	12258	12785	95,9	-527	Барлығы	45231	41894	108	3337
Қазақтар	7013	6774	103,5	239	Қазақтар	32785	30347	108	2438
Орыстар	2650	2952	89,8	-302	Орыстар	3153	3080	102,4	73
Қарақалпақтар	301	229	131,4	72	Қарақалпақтар	2988	2758	108,3	230
Өзбектер	288	340	84,7	-52	Өзбектер	2171	1865	116,4	306
Украиндар	255	367	69,5	-112	Украиндар	1058	985	107,4	73
Әзербайжандар	238	332	71,7	-94	Әзербайжандар	653	559	116,8	94
Немістер	195	203	96,1	-8	Немістер	557	514	108,4	43
Тәжіктер	180	208	86,5	-28	Тәжіктер	240	192	125,0	48
Қырғыздар	179	225	79,6	-46	Қырғыздар	238	242	98,3	-4
Корейлер	163	200	81,5	-37	Корейлер	147	171	86,0	-24
басқалар	796	955	83,4	-159	басқалар	1241	1181	105,1	60

Ескертпе – ҚР ҰЭМ СК мәліметтері негізінде.

Цифрлық дәуірге шейін көшіп қонушы табиғи тұрғыдан өзінің туған жерінен байланысты үзіп, аумақтық орын ауыстыра отырып, коммуникативтік ұлттық ағыннан шығып қалатын еді, байланыс тек диаспора арқылы жүргізіліп, қабылдаушы қауымдастықта коммуникацияны орнатуға мәжбүр болып, оған бейімделе бастайтын.

Табиғи тұрғыдан алатын болсақ, әлеуметтік платформаларда коммуникацияның жаңа мүмкіндіктері мен форматтарының пайда болуы, сонымен қатар жаңа цифрлық құрылғылардың шығуы мигранттардың жағдайына, олардың бірегейлігінің өзгеруіне де әсер етпей қоймады.

Цифрлық технологияның еңбек нарығы мен көші-қонға әсер етуінің салдары ең алдымен еңбек нарығын ырықтандыру болып табылады – бос жұмыс орындары мен еңбек жағдайлары,

басқа алаңдардағы жалақы туралы ақпарат алу мүмкіндігі кеңейтіледі; еңбектің виртуалды нысандарын белсенді дамыту – қашықтықтан жұмыспен қамту нысаны (тележұмыс, қашықтықтан қол жеткізу нысанымен жұмыс, үйде жұмыс істеу және т.б.); еңбек нарығының жаһандануы – жұмыс беруші мен қызметкер түрлі елдерде, ал іскер серіктестер-түрлі континенттерде болуы мүмкін әлемдік еңбек кеңістігі қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Federico Guerrini. Using Big Data To Understand Migrations: //https://www.forbes.com/sites/federicoguerrini/2014/08/08/using-big-data-to-understand-migrations/#d02958e37007.
- 2 Султанова З. О подходе к расширению применения цифровых технологий в статистике ЕАЭС // Экономика и статистика. – 2019. – № 3.
- 3 Қазақстан Республикасы «Цифрлық экономика мемлекеттік бағдарламасы: //https://digitalkz.kz/wp-content/uploads/2018/04/Digital-Kaz_kz.pdf.
- 4 Жексембекова В. Государственная программа «Цифровой Казахстан»: нововведения в избирательном законодательстве // Казахстан-Спектр. Научный журнал. – 2018. – № 3(85). – С. 37–43.
- 5 Қазақстан және цифрландырудың жаһандық трендтері: //http://kazpravda.kz/articles/view/tsifrovizatsiya-ekonomika-effekti-i-stimuli.
- 6 Сыдықназаров М.А., Қаржаубай Ж., Қаржаубай А. Трудовая миграция молодежи Казахстана: современное состояние и перспективы // Казахстан-Спектр. Научный журнал. – 2019. – № 1(87). – С. 24–37.

Р.К. САБИРОВА,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

А.А. МУФТИГАЛИЕВА,²

к.э.н., ассоциированный профессор.

Т.К. КУАНГАЛИЕВА,¹

к.э.н., и.о. ассоциированного профессора.

Ж.К. БИСЕМБИЕВА,¹

магистр.

Атырауский университет

им. Х. Досмухамедова.¹

Евразийский национальный

университет им. Л.Н. Гумилева²

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ МИГРАЦИИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ

Аннотация

В статье рассматривается современное состояние миграции Казахстана в условиях цифровой экономики, показана разница между миграцией села и города. Поднимаются проблемы развития рынка труда, представлены основные направления решения проблемы миграции. Под цифровой экономикой понимается система, способствующая циркуляции товаров и развитию сферы услуг посредством обмена цифровой информацией и онлайн-торговли, основанная на внедрении и использовании цифровых компьютерных технологий в отраслях экономики, на автоматизации процессов в экономике. Цифровая экономика основана на компьютерных технологиях, мобильной связи и интернете. Все процессы связаны с обработкой больших данных. Цифровая технология, методы и цифровая информация являются главными компонентами экономики, производства. Цифровая экономика – это тип экономики, основанной на цифровых ресурсах, это новый вид экономических отношений. В статье обоснована необходимость особого внимания к анализу миграции населения, трансформации рынка труда и мобильности высококвалифицированных кадров с целью развития цифровой экономики и обеспечения конкурентных преимуществ. В демографической структуре населения Казахстана большое внимание уделяется миграции в северных и центральных регионах Республики Казахстан. Среди временных трудовых мигрантов, выезжающих из Казахстана в поисках работы, преобладает население северных регионов республики.

Ключевые слова: цифровая экономика, внутренняя миграция, внешняя миграция, рынок труда, конкурентные преимущества, демографическая структура, население.

R.K. SABIROVA,¹

c.e.s., associate professor.

A.A. MUFTIGALIEVA,²

c.e.s., associate professor.

T.K. KUANGALIYEVA,¹

c.e.s., acting associate professor.

ZH.K. BISEMBIEVA,¹

master.

Dosmukhamedov Atyrau University.¹

L.N. Gumilyov Eurasian National University²

THE CURRENT STATE OF MIGRATION OF KAZAKHSTAN IN THE DIGITAL ECONOMY

Abstract

This article discusses the current state of migration of Kazakhstan in the digital economy, the difference between rural and urban migration. The problems of labor market development were raised, the main directions of solving the problem of migration were presented. The digital economy is a system that promotes the circulation of goods and the development of services through the exchange of digital information and online trade, based on the introduction and use of digital computer technologies in economic sectors, automation of processes in the economy. The digital economy is based on computer technology, mobile communications, and the Internet. All processes are related to big data processing. Digital technology, methods and digital information are the main components of the economy and production. The digital economy is a type of economy based on digital resources, a new type of economic relations. The article justifies the need for special attention to the analysis of population migration, labor market transformation and mobility of highly qualified personnel in order to develop the digital economy and ensure competitive advantages. In the demographic structure of the population of Kazakhstan, much attention is paid to migration in the Northern and Central regions of the Republic of Kazakhstan, among the temporary labor migrants leaving Kazakhstan in search of work, the population of the Northern regions of the Republic prevails.

Key words: digital economy, internal migration, external migration, labor market, competitive advantages, demographic structure, population.